



**КӨЛІКТЕР
- КӨНЕНІҢ
КӨЗІ,
МӘСЕЛЕНІҢ
ӨЗІ**

3-бет

15 ТАМЫЗ
2023

SANA
BUSINESS FORUM

Масш.
Стратеги.
Жоспар
Networking

**ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІ ҚАЗАҚША
СӨЙЛЕТКЕН ФОРУМ**

4-бет



Дархан БҰЛЖАНОВ,
Атырау облысы, Қызылқара
аудандық полиция белгі
бастығының тергеу ісі бойынша
орынбасары:

**«МАЛ ҮРЛАП,
БАЙЫҒАН АДАМДЫ
КӨРГЕН ЖОҚПЫН»**

5-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru



№61 (3592) 18 тамыз 2023

КЕЙІПКЕР

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ -
БҰГІНГІНІЦ
БАТЫРЛАРЫ**

Жетісу облысы «Төтенше жағдайлар органдары ардагерлерінің Қазақстандық үйімі» қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы Нұргелді Байгонисұлы ҚОЙШЫБАЕВ - өз саласының маманы. Төтенше жағдай қызметіне өмірін арнаған ағамыздық салага қатысты айтары көп екен.

- Оттың жыл бойы төтенше жағдай кезінде тосылған жүртқа көмек қолын созып келесіз. Қауіп-қатер мен аңыз етіп айттар оқыс оқығаларға толы еңбек жолыңыз қалай басталды?

- Қеңес Одағы кезінде екі жылдық әскери борышты өтеп келген соң, №92 өрт сөндіру белгіміне өрт сөндіруші болып жұмысқа кірдім. Мұндай таңдау жасаудың улкен ағамының ықпалы болды. Өзіміз отасында бес ағайындымыз. Бәріміздің мамандық таңданап, азамат ретінде қалыптасуымызға ағамының сіңірген енбегі ерен. Бұл салаға келгенде, алғашында аға жүргізуши болып қызмет атқарды. Жас маман ретінде бір айға жуық дайындықтан өттік. Бөлім командирлері қандай жағдайда, не істеу керектігін тәтпіштеп түсіндіріп, оқу-жаттығу барысында әбден шынадады. Өйткені ауылдан келдік, көп дүниені білмедік, ұғынбадық. Ары кетсе шөп не сарай өртеннегін көргеніміз болмаса, басқа жағдайларды елестете де алмайтынбыз. Бәрін игергеннен кейін ғана «өз еркіммен жұмыс істеу» құжатымен төтенше жағдайдың сарбазы бол қатарға қосылдық.

- Төтенше жағдай қызметкерлері - бұгінгінің батырлары. Осы саланың ардагері ретінде сіздің де талай ерлік істерінен хабардар болдық. Жұмыс барысында ерекше есте қалған оқығалармен бөліссеніз.

- Өтлі есімде... 2001 жыл болатын. Кезекті өрт сөндіруге шыққанбыз. Жеке тұрғын үйдің ауласында зансыз салынған азық-түлік цехы қызың жалынға ораныпты. Қою көк түтіннен ештең көрінер емес. Сол жерде жиналған бір топ адам ғимарат ішінде жұмысшылардың қалып қоюы мүмкін екендігін айтты. Қасымдағы әріптестерім өрт сөндіруге кіріспін кетті. Маған жанып жатқан ғимаратқа кіруге өрт арасынан саңылау ашып берді.

(Соңы 4-бетте)

БҰГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖУРНАЛИСКЕ ЖАСАЛҒАН ҚЫСЫМНЫҢ АРТЫНДА НЕ ТҮР?



Талдықорғандық журналист, Orda.kz сайтының қызметкері Сандугаш Дүйсенованаң мәлімдемесі қазақ қоғамын дүр сілкіндірді. Онда әріптесіміз өзіне қылмыстық іс қозғалды деп бөлімге шақырған полиция қызметкерлерінің камера алдында шешінуге мәжбүр еткенін жария еткен еді.

Журналист биылғы жылдың 11 тамызы күні кешкі сағат 17.00-де арнағы шақырумен полицияға барып, күтпеген жағдайға тап болыпты.

(Соңы 2-бетте)

ЖАНАЙҚАЙ

СУ АЗАБЫН ТАРТҚАН БІЛЕР...

Ел аман, жүрт тынышта ауыз су азабын тартып, кенесең кепкен Талғар ауданына қарасты Қайнар ауылдық округі Еламан ауылы тұрғындарының, мұның бір басына жетерлік. Әркениет ғасырында ғаламдық жетістіктерді билай қойып, күнделікті қолданатын ауыз су азабын тартқаны аздай, қара жолға да жарымай отыр. Интернеттің өзіне енді ғана қолы жеткен ауыл жүрті балабақшамыз, ең болмаса, фельдшерлік пунктіміз болса деп армандаиды. «Айта, айта Алтайды, Жамал апам қартайдының» күйін кешкен жүрттың мұның тыңдаған қайттық. Өйткені ұрпагының ертеңіне алаңдаулы халық басы ауырып, балтырып сыйласа да Жалқамысқа жол тартып, сондагы амбулаторияны жагалауға мәжбүр. Бүкіл ауыл тұрғындарын қарайтын жалғыз фельдшер Дидал Асанованаң, отыратын тұрақты орын да жоқ. Қын ұзаққа кім шақырады, соған барып, дәрі-дәрмегін арқалап, ауыл ішін жаяу аралайды. Ал ауыл әкімінің орынбасары берген ақпар бойынша, ауылда 1126 адам ресми тіркелген, 229 отбасы бар. Егер тіркелмегендерді қоссаның, бұл көрсеткіш 2 есеге артуы мүмкін. Осынша халқы бар ауылдың мүшкіл халғе жетуіне кім кінелі?

Мұхит ортасындағы арал

Сусыз отырған, әсіресе, жаңа құбырынан қалқы ауыз суды амалдан, кейірі үйнін қасынан құдық қаздырып алса, кейірі «Елде болса, ерінге тиеді» дегендей, сұы бар көршісіне күні қарап отыр. Бір айта кетерлігі, ескі су құбырынан алып отырғандардың да,

өздері қаздырып, сорғы арқылы алып отырғандардың да ішіп жүрген сулары санитарлық талаптарға мүлде сай келмейді. Тұрмыстық техниканың жетістіктерін де пайдалана алмайтынын айтқан тұрғындар оның себебін ауылдағы электр қуатының аздығымен түсіндіреді. Тіпті сұы бар үйлердің өзі кір жуатын машина-мұзды қоса алмай, пүшайман боламыз дейді.

Ауыл ішіндегі асфальтталмаған жолдардың ак шаны аспанға көтеріліп жатқандықтан, күнделікті кір жуғаннан жаһықандарын айтқан әйелдер қауымы енді сабак басталса, жуатын кірлерінің де екі есе көбейетініне налиди. Қақтарапына кірбін түсірген жуатын кір емес, оны жуатын судың жоқтығы мен қолындағы бар кір машинасын қосатын токтың жеткіліксіздігі. Оған ауылдың аспаның алып кететін ак шанды қосыңыз. Құдды бір өркениеттен ада қалған мұхит арасындағы арал дерсің...

Биылғы 21 шілдеде www.ile-tany.kz сайтында журналист Ақан Ақыловтың «Аудан әкімі Қайнар ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті» деген мақаласы жарық көрін, онда: «Еламан ауылының №41 орта мектебінде өткен кездесуде көптеген мәселелер көтеріліп, тұрғындардың сауалдарына нақты жаупттар берілді. Атап айтсақ, округтегі ең көкейкесті мәселелердің бірі – ауылдарды сүмен жабықтау.

2020 жылдан бастап «Еламан ауылының сүмен жабықтау жүйесінің құрылышы» жобасы іске асырыладу. Жобаның сомасы 265,8 млн.тәнге. Желілердің ұзындығы – 11 км. Келісімшарт бойынша жұмыстар аяқталған, қазіргі таңда қауалардың қайта қалпына келтірү жұмыстары жасалуда. Алайда мердігер үйдің жұмысты мерзімінде аяқтамады, қазіргі таңда нысан 98 пайызға ғана жасалған. Сол себепті желілерді тексеру және іске қосу жұмыстары осы жылдың маусым айының соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Сондай-ақ «Қайна-

ауылының сүмен жабықтау жүйесін қайта құру және салу» жобасының сметалық құжаттарын зерттеу өтілеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобалауда үйді – «Геодезия Сервис» ЖШС. Шарт сомасы – 4,3 млн. тәнге. ЖСҚ аяқталып, қазіргі таңда су жинау торабына арналған жер телімі ресімделіп жатыр және «Redline Pro» жобалаушы үйді тарапынан «Жаңалық және Дәулет ауылдарында сүмен жабықтау жүйесін қайта жаңарту және салу» жобасы жасалуда. Жаңалық ауылы үшін жобалау құны 45,3 млн. тәнгенін, Дәулет ауылдарында үшін 20,6 млн. тәнгендегі күрп отыр», – деген ақпар айтылған.

Осынан орай ауыл белсендісі әрі осы ауылдың молдасы Өміржан Тоғайбайұлын сезге тарттық. Төрт жылдан бері Еламанда тұратынын айтқан ол: «Аудан әкімі келіп кетті. Жүйеге негізі сү берілген. Бірақ кейірі жерлерінен ақау шықкан. Кейірі жерлерінен көркесті кранды қоймаған, кейірі жерлерінен ата атып кетті. Енді соны жөндөн жатыр. Су құбыры жана құрылышы бар, ескісі бар – бәріне тартылып қойған. Мердігер компания ұшты-қүйлі жоқ бол кетті. Әкімдік оларды сотқа берді деген, бірақ әлі анық хабары да, шешімі де жоқ. Ескі су құбыры 50 үйге ғана есептелгенмен, 100-ге тарта үй содан су алып отыр. Ал жаңа құрылышынан жағының ішінен отырған, қазып шығарып алып жатыр ма, әйтеүір, өлмestін күнін көріп келеді. Жел соққан күндері жарық та әшип, мүлде суызы қаламыз. Судың жоқтығынан мал да ұстай алмаймыз.

(Соңы 8-бетте)

ҚАЙЫРМАЛЫК

КӨЛІКТЕР – КӨНЕНІҢ КӨЗІ, МӘСЕЛЕНИҢ ӨЗІ

Жаңа көлік алу көп қа-
зақстандықтардың тәтті
түсі һәм асыл арманына
айналып отыр. Тозығы жет-
кен көліктің машанатынан
шаршаган қараша автоса-
лондарға барып, шертіп
таңдағысы келеді. Дегенмен
қарт көліктің көңіл қиган-
мен, жаңасына қаражат
қат. Ұлттық статистика бю-
росының мәліметінше, елде
4 миллионнан астам темір
тұлпар жүйткіп жүр. Со-
ның тәсіл жартысы – тозығы
жетіп, қу сүйегін әрең сүй-
реп жүрген ескі көліктер.



Шыққанына 20 жылдан асқан көлік-
тердің саны 2 миллионға жуықтады.
10-20 жыл аралығында қолданыста
жүрген көліктердің саны – 900 мың.
7-10 жыл аралығында шығылған 500
мыңдан аса көлік бар. Бұл сандар әлі-
де өсетіні сөзсіз. «Ел арасында «кон-
струектор көліктер» деп аталып кеткен
машиналардың шекара асып келуіне
берілген келісім ескі көліктер санының
артуына әкеледі», – дейді мамандар.
Ескі көліктердің басым белгі Жамбыл,
Алматы, Түркістан облыстырында.
Қауіпсіздігі тәмен, бұзылуға бейім,
сайманды сапасыз, қызмет көрсетуі қын-
бат көліктерді халық қашанғы сүйреуі
керек, елдің қолы қашан жаңаға тиеді?

Ескі көліктің басты мәселесі – эко-
логияға кері әсері көп. Зерттел көр-
гендіміз сол еді, цифrlar сөйлегендеге
жағамызды ұстадық. Ауаны ластайтын
зиянды түтінің 90 пайызын автомо-
бильдер бөледі екен. Әрісінде қалғаны
10 пайыз. Әнеркәсіп орындары, зауыт-
тар, өртөнген үлкен қоқыс аландарының
үлесі осы азғантай фана пайызды
құраганнан-ақ, көліктің қоршаған ор-
тага көліктер зиянын түсінген болар-
сыз. Әсіреле, халық көп шоғырланған
Алматы, Астана, Шымкент секілді алып
шаһарларда бұл мәселе өткір тұр. Адам
жаны мен табиғаттың етене үндесітіні
белгілі. Бірінші себебі екіншісінің сал-
дардың айналының заңды құбылыс.
«Ауа құрамында зиянды заттар көбей-
гендейтін, адам бойында да кінәрат тұрі
көбейеді», – дейді мамандар. Лас ауаны
жұтынған жүрттүн арасында тыныс алу
жолдарында қатерлі ісік ауруға дең-
дел келеді. Бұл тажалдың арты немен
ақытаптар көпшілігінде мәлім. Эколо-
гияға салыпты қараған біздің басымызға
келген бір фана кеселді атадық, зиян-
да, залал да шаш-еттекен. Бір түсініміз
керек жайт бар. Табиғат-анаға қамкор-
лық тұнтынпасақ, адамнан да мәселе
арылмайды. Формула солай.

Шет елдерде көне көліктер утили-
зацияға жіберіледі. Жүрісі шектеліп,
саймандары жойылып, қайта өңдеу-
ге жарамдысын өндіріс орындарына
шикізет ретінде жөнелтеді. Олар көлік
ескірған сайын қоршаған ортага зияны
артады деп түсінеді. Ал бізде қалай?
Темір тұлпарлықтың төрт дөңгелегі
мен қауқиған қанқасы болса болғаны,
жүріске жарамды деп техникалық
тексерістен өткізіп жіберетін секілді.
Мәселен, біздің автомаршрутка 2013
жылғы көліктердің қаны. Шыққанына
он жыл болса да, халық оны жаңа көлік
деп есептейді. Әрине, отыз, қырық
жылдан иесіне қызмет етіп келе жатқан
көліктердің қасында су жаңа тұлпар.
Дегенмен шет елдерде оның құрдастарын
иесінің нактасын өзі деп бағалайды.
Утилизация деген бізде де бар. Деген-
мен мемлекет ұсынған жүйе халықты
ынталандырмайды. Ескі көлігінде әкеп
өткізгендігіне небәрі 200 мыңның айна-
ласында теңге ұсынады. Қолды бір-ақ
сілтеп, «Жаңа көліктерге фана жолға
шығуға рұқсат ету керек», – деп айтты
онай, алайда ішкі нарық пен әлеуметтің
әлеуеті туындаған жүрттеп тұр.

Жаңа көлік жайы да қынның қа-
сында. Елімізде көліктің алғашқы иесі
болуды қалаған қарашаның үлесі 31,1
пайызын атап жаңа көлік сатылған.
Биылдың өзінде бес айлық есеп бойын-
ша 66,3 мың автомобиль саудаланған.
Сұраныс сапында өзімізде құрастыра-
латын «Шевроле», «Киа», «Хюндай»
секілді маркалар мен қатар қытай
нарығынан енген «ұздік» ойыншылар
бар. Бұл тұста екі мәселені атап өткіз
келеді. «Даудың басы дайрабайдын
ала сиры» дегендей, алғашқысы –
қымбатшылық. Тұтынушылар: «Көлік
қымбат, алғанның өзінде бағасына
татымайды. Кепілдік үақыты да көпке

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

Бүтінде қарызданып-қауғаланып той жасап, артынан
кредит төлеп жүйкесі жүқарып, тиын табу үшін таба-
нынан таусылып жүргендердің қарасы көп. Ашық ақпарат
көздеріндегі деректерге көз жүгіртсек, несие алудан
«қара жарысқа түсін» қазақстандықтар өзге елдермен
салыстырғанда алдыңғы қатарға шыққан. Оның ішінде
жаны қысылғанда мұқтаждықтан қарыз алғандарды
қоспағанда, «мен анадан қалам ба?» деген соқыр санамен
автонесие, ипотекалық несиелермен қатар, той жасау
үшін ойланбастан белшесінен қарызға батқандар саны
күн санап артып барады.

ҮРІП ШШП, ШАЙҚАП ТӨККЕНДІ КІМ ЖЕК КОРСІН?

Пайызы жоғары болса да,
қалтасын қағып қарыз алғанға
еті үйреніп кеткен көп қазақстан-
дықтың ішінде несиене несиене
мен жауып, сонында алған үйі
мен машинасынан да айырылып,
ақыры бармағын тістеп далада
қалғандардың санат жатқан кім
бар дейсін? Үрерге иті, сығарға
биті қалмаса да, айналасындағы
жағдайлардың айтар өсегіне қалмас үшін
қарманып, қары талғанына қара-
май, қара жарыска түстегіндерге
тоқтам болуға «қауқары жок»
қарыз деген бәленің қамытын
кигендеге жаны ашып жатқан
ешкімнің жогы да әмбеге аян. Ал ауыл-үй арасындағы ағайын-
тыстың ғана арасында атап өттеге болатын шілдехана, бесік
той, тұсау кесер, сундет той, тіла-
шардан бастап мерейтілар, т.б.
үшін де құрығына бір ілсе құтқар-
майтын банктердің қармағына
ілініп жүргендегер қаншама!

Жо-жооқ, дұрыс түсінізі,
куанышқа қарсылығымыз жоқ.
Десе де, көрпесіне қарай кесілетін
қазақтың осынша дарақылануына
не себеп болғанын белгім келіп
кекейдегі көп сұраптың жауабын

іздел отырған жайымыз бар. Иә,
малын баласы үшін жылғы, ба-
рын сол үшін шашатын қазақтың
түсінігіндегі парыз бен қарыздың
осыншалықтың егіз ұғымға айнала-
рый кім білген? Ал сейтіп жанын
шүберекке түйіп, басын бәйгеге
тіріп жүріп үйлендірғен ұлы мен
келіннің болмайтын бірденеге
ренжісіп, екі жаққа кеткенін көр-
генде, төлейтін қарызы қабырга-
сын қайыстырып, ұл мен келіннің
қылышы татағына тірелгенде,
басын тауға да, тасқа да соғып,
кімді қінәларын білмей пұшайман
боп отырғандар кімді қінәлайды?
Көзімнің қарашығы деп жан ұшырып
жүріп солардың айтқанын істеп, айдағанына қөнген ата-
ананың жайын кім ойлады?

Куанышты қызғанып отырған
жайымыз жоқ, бар болса, батып
ішіп, тоқ болса, үріп ішіп, шайқап
төккенді кім жек көрсін?! Біздің
айтып отырғанымыз – аш отырса
да, алдына жан түсіргісі келмей
жанталасатын көрсекзылардың
қылышы. «Той – құдайдың қазы-
насы» дейтін қазақтың қарызға
базындағы базынасын қебей-
ген шакта «осынша шашылу-



БАЗЫНА

ҚЫЗДЫҢ НАМЫСЫ – ЕЛДІҢ НАМЫСЫ

Қазақ қыздарының шетелдіктерге тұр-
мысқа шығуы барлық кезде өзекті. Таңдау
өзінік, біз зайдыры, демократиялық елміз
деген күнін өзінде, қазақ қызының «өзге елде
емес, ез елінде отау көтеріп, туган жерге туын
тіккен» кез келген үшін мактанды болар еді.
Алайда бүгінгі статистика Қазақстанда бұл
теріп үрдістің кеңінен белең алып бара жатқа-
нын көрсетіп отыр.

Өзіміз де күн сайын әлеуметтік желілерден ше-
тедіктерге ұзатылып жатқан қандас қарындаста-
рымыздың той салтанатын кездестіретін болдық.
Қыздарымыздың бақытты болған жақсы, бірақ
шетелдіктерге кетіп жатқаны аздап көнілді бұ-
зады. Себепті қайдан, кінән кімнен іздерінді бил-
мейсін?!

Түркіменстан қызын алған болсаңыз \$ 50 мың,
Әзбекстанда – \$ 40 мың, Түркіяда – \$ 80 мың, Әзір-
байжанда – \$ 50 мың қазынасына қысыз.

Жапония қыздары шетелдікке тисе, азамат-
тығынан шығарады, күйеүіне азаматтық бермейді,
туган баласына да азаматтық берілмейді.

Дын реті бар ма, жоқ па?» деген сұрақты қойымыз келеді.
Өйткені онды-солды шашылып, орынсыз ысырап жасап, той той-
лап, жыр жырап жүргендегенде, мына жағынан жағадан алатын қары-
зыдың қысыры тағы бар емес де?...
Ал бұған тойды ешкімдікен кем қылмай өткізу үшін шақырылатын
«жердің жасанды жүлдәздарын»
қосының. Ауыздағы ашқанына ақша сұрайтын энші-қүйіші, биші
қауымның да сені аяп жатпай-ақ, қарпып қалғысы келетін қомағай
көмейін тойдыратын қембенің болу, болмауы да шарт емес, тек
айтқаның екі еткізей алақанда-
рына салсан болғаны. «Іс бітті, қу-
кеттінің күйін күшесін.

«Бардың малын шашатын, жоқтың ашатын ашатын» елім-
жітімнің өзін несиемен атқары-
тын халге жеткенімізді несіне
жасырайық? Даңғазалық пен
данғойлықтың көкесін көзіне
көрсетін болғанымыздың бір ай-
ғары ретінде қарға адым жерге
салып тастаған, салынып жатқан
қаптаған тойханаларды айтсақ та-
жетіп жатыр.

Басқа жерді айтпай-ақ қоя-
ық, тек Алматыдан Талғарға
дайінгі тас жолдың бойындағы
тойханада санап тауыса алмай-
сын. Бірінен бірі ететін салта-
нattyны сарайлар көздің жауын
алғанда «шіркін, осының бірінде
дүркіртіп той жасасам ғой» де-
мейтін қазақ жоқ шығар, сірә?
«Той дегенде күбас домалайды»
дайтін қазақ тәмсілдің шығуы
да тегін емес. Бірақ астарына
үнілсен, мағынасы терең, айтары
бар осы сөздің шын мағынасын
ұғып жатқан кім бар дейсің?
Жарлыны тойдырып, жақыбай-
дың жағасын бүтіндейтін кешегі
қазақ тойының жөн жатыр емес
пе астарында. Ал қазір ше? Қазір
қайырыш келсе, есігінен қаратпақ
түгілі, тойдың сән-салтанатына
шіркеу болдың деп артына ит
қосып күп, тойхананың маңына
жолатпайтын астамшылықтың
барын айтпай кетсек, армызға
сын болар. Осындаға шешемнің
айттын: «Той-томалакта, топы-
ракты өлімде есігінің алдына
келген мұсәпірді тойдырып жібер.
Мынаның инеті қандай екен деп
оларды Алла саған сынаққа жібе-
реді. Жалғыз аяқ астан артылып
кетер жерін жок, барынды беріп
шығарып сал!» дайтін аналық
ақылы даналықтың өзіндей бо-
лып тұрады.

Той мәдениетінің қазіргі қалы-
бындағы дарақылық пен данғой-
лықтың шеті мен шегін айттып
тауыса алмасып. Осы орайда бір
көрінімізді де айта кетейік, есі
бар есті асабалар келін мен ұлға
ата-енесінің аузына қасықпен
торт «тықтыратын» әдептенн ау-
лақтай бастапты. Сосын бүкіл
елдің көзінше қызды біреу алып
қалатындағы жағындағы жігіттік кетер
салып тұра жүгіретінін қарылық
күшейтіп. Дұрыс-ақ, қазақ сал-
тының қайырым

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«Үрланған он екі бас жылқының оны табылды, бір айғыр мен жағағының ізі шығар емес». Жастайынан маддын сұрына қанақ, жер бедерін жақсы білетін тәжірибелі тергеуші ойланып қалды. Үрланған маддарды осы уақытқа дейін сойып, айғактарын адам аяғы баса бермейтін шалғай бір жерге апарып жақынан анық. Қай жерлер көзден таса қалды? Қыстак, қора-қопсы... ажетхана?!

— Мынау менің малым, дәл өзі! Артында ағы бар, қараңыздар, — жәшіренүші жан-жағы қоршалмай ашын жатқан бұрынғы әжетхана орнында бүркеулі жатқан терінің құйрық жағынан тартып қалғанда, арқасындағы қалы ағараңдан, жоғалған жириен қасқанын бар айғасы шыға келді. Айдан-күннің аманында барынтаға барған ауыл тұрғыны: «Айдалага кім келіп, кім кетпей жатыр, біреу әкеліп көміп кеткен де», — деп әлі байбаламға салып жатты...

Кейін ол кінәсін мойындал, тиесілі жазасын алды. Ал қылмыстық істі тағы да бұлтартпас деректермен ашқан ішкі істер қызметкері Дархан Бұлжанов бұдан кейін де талай мал үрлығын әшкереledi. Бұл — Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылындағы Иткүшік деген жердегі мал қыстауында 2010 жылы болған оқиға еді.

* * *

«Әке көрген оқ жонар». Полиция подполковнигі, ұзақ жылдар Атырау облысы, Қызылқоға ауданы ішкі істер бөлімінде жемісті қызмет еткен Сайын Бұлжанұлының үш баласы — Даурен, Дархан, Асан Бұлжановтар түгелдей осы саланы тандады. Сонын ішінде ортансы үл, полиция подполковнигі Дархан Сайынұлы — бүгіндегі Қызылқоға аудандық полиция бөлімі бастырынын, тергеу ісі бойынша орынбасары және тергеу бөлімшесінің бастыры. Мамандығына саіл білім алғаннан кейін еңбек жолын Қызылқоға аудандық ішкі істер бөлімінің тергеу бөлімінің тергеушісі қызметінен бастап, аға тергеуші, басшының тергеу ісі жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, «КР полициясына 25 жыл», «КР полициясына 30 жыл», «Құбық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан улесі үшін» медальдарымен, «Тергеу қызметіне 50 жыл», «Анықтау қызметіне 30 жыл» мерекелік тәсбелілерімен марапатталып, 2021 жылы Қызылқоға ауданы бойынша «Үздік полиция» номинациясын иеленді. Ал былтыр 16 жетекшісан — Тәуелсіздік күні қарсаңда Атырау облысы полиция департаменті қызметкерлері арасында үйімдестірылған «Департамент барысы» байқауында қазақ құреспен шашасына шаң жүктірмай, женімпаз атанды. Айта берсе, еленген еңбек үшін алып жаткан мактау-маралаты аз емес. Сонын ішінде, ең бастысы — халықтың алғысы мен үлкендердің батасы болса көрек-ти.

Ал «Мал ашуы — жан ашуы» дейтін халықтың Дархан Бұлжанов дегенде көнілі де, пейлі де болек. Атакәсілті құлдыраттай, төрт тұлған жамыралып отырған Қызылқоға ауданында мал үрлығы бола қалса, оны Дарханың ізін сүттіп ашип, «барынташыларды» бар айбымен қолға түсіріне бәрі сенімді. Ел мақтаған жігіттің даңқы басқа жақтарға да жетіп, көршілес аудандар да мұндай қылмыстарды ашу үшін Дарханды іссапарға шақырып, ақыл-кеңесіне құлақ асатын болған. Уақытпен санаспайтын, жүгі мен жауапкершілігі көп жұмысына, әке аманатын адал, біртога, қарапайым жігіт осы кезде дейін қанша мал үрлығын ашқанын санамалты да, «Статистикасын білмеймін» деп қысқа қайырады.

— **Дархан Сайынұлы, мадды үрлайтын кімдер?**

— Қылмыс ешкашан жас талғаған емес. Дегенмен онымен 30-45 жас аралығындағы қарулы, кебінесе тұрақты жұмысы жоқ ер адамдар айналысады. Мал үрлығы үйден жырақта жасалып, мал сырт жақтан қолды болып, сойылатын болғандықтан, үрлығын «қәсібінен» үй-іші, жақын-жұғығы хабарсыз болып жатады.

Мал үрлығы, әсіресе, ірі қара малды үрлау бірнеше адамның күшін қажет етеді. Сондықтан бұған міндетті түрде үйімдасқан қылмыстық топ-

тың қатысы болады. Мұндайда біреуі маддын жайылған, тұрған жерін барлап, келесілері көлікке тиуеу, қасапханаға апарып союы, сатуға еткізу мүмкін. Сондай-ақ, қылмыскер мадды жаяу айдамайтыны анық, үрланған мал көп жағдайда «УАЗ» көлігінен тиеледі. Менің практикамда жеңіл автокөлікпен, «Газель» көлігімен мал үрлаған деректер кездесті, олардын барлығы да, қазіргі зан бабына сайкес, айғақ көлік ретінде сот шешімімен тәркіленді. «Үрлық туғыз — қорлық» дегендей, бір отбасының күнкерісі көзіне айналып отырған, тіпті банкте кепілдемеде тұрған транспорт құралдары осылайша бір жаңсақ әрекеттің кесірінен тәркілеуге үшірайды, онай жолмен пайдада тапқысы келгендер осындай жайларды ескеру тиіс.

Соңғы жылдары мал үрлығына байланысты заңның қатаңдатылуы он нәтижесін көрсетіп келеді. Енді менің бір ұсынысым — ветеринарларға қойылатын талапты да қатаңдату. Үрланған мадды алып журу және етке өткізу мал дәрігерінің қолы қойылған, мөрі басылған ілеспе құжаттары берілген жағдайдаған жүзеге асырылады. Ал кейде ветеринар алдына келген кісінің «менің малым еді» деген сөзіне



Дархан БҰЛЖАНОВ,

Атырау облысы, Қызылқоға аудандық полиция бөлімі бастырының тергеу ісі бойынша орынбасары:

«МАЛ ҮРЛАП, БАЙЫҒАН АДАМДЫ КӨРГЕН ЖОҚПЫН»

сеніп, құжат бере салады. Ол жұмысына әсірежауапкершілікпен қарал, маддың нақты іесін тексеріп барып құжат берсе, заңсыз әрекетке алдын ала тосқауып болуға септігі тиіп, тергеу ісін жеңілдетер еді. Нақты заң механизми болмағаннан кейін, ветеринар «иесі келіп тұрғасын бере қойып едім» деген желеумен жаупттықтан құтылып кетіп жатады.

...Жоғарыда мал үрлығы үйімдасқан сыйбайлас топтың көмегімен жасалады дедім фой. Көп адам жүрген жерде қандай да бір «үтчек» кетіп жатады, машинадан маддың құмалағы, жұні, қан іздері табылады, болмаса біреуі мас күйінде қайда барып, не істегендерін айттып қояды, тағы сондай әрекеттер кездеседі. Айыпталушылар біразға дейін кінәсін мойындағай, «мені үрлық-соқты, қылмысты жазықсыз мойныма ілгісі келді» деп жер-жерге полицияның үстінен шағымданып жатады, бірақ біз нақты айғактарды бұлтартпас дәлел-дәйектермен көрсеткенде, жалтара алмайтынын біліп, оқиғаның жай-жапсарын баяндап береді.

* * *

Бірде ауыл тұрғынының қорасында қамаулы тұрған тоқтысы жоқ болып шықты. Қорасы жабық, он шақты қойдың ішінен осы тоқтыны қолды қылған.

...Дархан үрлының алыстан көлемегенін білді. Не болғанда да, осы маңайдан, қолы бостиқтан зеріккен, бәлкім, «ащы су» ішкеннен кейін тіскебасар ізделген жігіттер болса көрек. Абайдын «Жұмысы жоқтық, тاماғы тоқтық, аздырар адам бала-сусын» дегені қалай дәл айтылған?! Тепе темір үзетін дер шағындағы ер-азаматтар енбектенсе, екі қолына бір күрек табылар еді. Оның орнына ауылғы аралас, қойы қоралас отырған жерлестерінің ақадал мадлына қол салып жүргендери. Қай мадды да жем-шебін қамдап, күтіп үстәу оңай емес. Құнкерісі, бала-шагасының қамы үшін оның бар бейнетін тартып отырған адамға қиянат жасау — арине, ауыр қылмыс.

Тергеуші тергеу ісін үрлық болған үйдің көршілерін, оларға кімдер келіп-кеткенін анықтаудан бастады. Себебі ауыл-үй арасында шарбақтан сөкіріп түсі қоға аса қындық көлірмейтін анық еді. Көп үзамай құдіктілер көлға түсті.

...Үй жанындағы дүкеннен «Синяя гора» арағын алып ішкен 34 жастағы А.Р. кәдімгідей масайып қалды. Жұмыссыз болғасын ішкен

кезде өзі сияқты еріп жүргендерді жағалайтын әдеті. Сөйтіп, бастары қосылғасын аздал көңіл көтеретіндері бар. Бірақ, оған да ақша керек емес ли? Жұмысы жоқ адамға кім карыз берер дейсін?! 1985 жылғы танысы Б.И-мен отырысты жалғасын А.Р. мәселені шешудін төт жолын ұсынды. Игресінде отырған көршінің қорасында бірнеше қойы бар. Кешікүрмін бір тоқтысын алып кетсе, байқамайтын да болар. «Іздеңгеге сұраған» деп Б.И. «ұсынысты»

Мұндай кезде жәбірленүші «бас жарылса, бөрік ішінде» деп жасырып-жауып, кешірім бере салуға тырысатын болар?

— Айта кету керек, халықтың бұл жағынан сауаттылығы артып келеді. Аракасын көнге салып, «өзіміз фой», «бір қателескен шығар» дегендей жалпақшешейлікке салындын адам қазір жоқтың қасы. Қепшілігі шыбынның өндірілуін, ұрының заң бойынша жазалануын талап етеді. Содан кейін нақтылап айта кетейін, мал үрлығы ауыр қылмыс санатына жатындықтан, оны жасаған адамның кешірім сұрағаны ескерілмейді, бұл қылмыста медиация қолданылмайды. Бір жолы жәбірленүшінде малын өзінін тұған жиені қолды қылғаны анықталды, ол туысының теріс әрекетін кешірігі келетінін айтқанмен, біз істі сотқа жібердік. Кез келген саналы адам қандай іске де бармас бүрін ойлануы, ұрының арты қысы, ал өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам екенін білуі тиіс.

* * *

Ауылдағы шаруа қожалығының басшысы 40 бас сирын бағу үшін айна 80 мың тенге жалақы төлел, 1977 жылғы М.А.-ны жалдады. Арада бір ай да өткен жоқ, М.А. «арап әпереміз, пайданы бөлісеміз» деп кешірім сұраған үрлілар бес жылға бас бостандығынан айырылып, жазаның мән-жайын жеңілдететін жай ретінде екеуінін де бүрін істі болмағаны, шын қөнілдерімен өкініш белдіргені, бірінің кәмелетке толмаған жас балаларының болуы есепке алынады.

* * *

— Мал үрлығы жылдың қай мезгілінде көп жасалады?

— Тұрғындар қысқа дайындалып, алдағы соғымын қамдай бастаған күз кезінде мал жиі үрланады. Мал жайлауға шықкан, жер аяғы кеңін жас мезгілінде көп үрлық тіркеле көймайды. Себебі жазда етті сақтаудын өзі қындық көлігіреді. Дегенмен арак-шарап ішіп, көңіл көтеріп отырғанда сірне жеу үшін ұсақ марқаларды үрлап, үзатпай сойып жеген жағдайлар кездесті.

— Кей ауылдарда малды кімнің үрлайтынын сезіп-біліп жүрсе де, тұрғындардың оған кеңшілік танытып, «ел ішінде бір тентек жүрмей ме?» деп кешіріммен қарайтыны болуышы еді ғой. Түтеп келгенде, мал үрлаған туысы болып шығатын жағдайларды да естіп қаламыз.

болған бір жағдай әшкереңеніп, тергеу ісі бойынша қылмыстық акт жасалды.

Өкінішке қарай, «малға кім тиер дейсін», «жоғалса, полиция тауып берер» деп жайбарақат жайып жиберетін тұрғындар да болады. Қазір жыл сайын мал үрлығының ашылу дерегі көбейіп келеді. Төрт тұлғінің жоқ екенін байқаған бойда, ізін сұттай полиция хабарлаған адамдардың малының табылу мүмкіндігі өте жоғары. Әйттеде, «біреудің малына қосылып кеткен болар», «үйді өзі тауып келер» деп үақыт өткізіп, арада 2-3 ай өткенде арызданып жататындар да бар, мұндай жағдайда «із» тауып, қылмысты ашудын өзі қын.

Сондай-ақ далада жайылып жүртептің жылқы үрлығы да азайып келеді, өйткені қазір жылқыға GPS қондырығысын орнататын болды, сол арқылы іесі малының қайда жүрген үзілшілдік телефон арқылы біліп отырады. Біз мұндай өркениетті әдіс-тәсілдің бәріне біртіндеп келе жатырмыз. 2020 жылды Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылынан 20-30 шақырымдай жердегі бір малшының 24 бас жылқысы қолды болғаның қасапханада пышаққа ілігіп кеткелі тұрғ

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫҢ СОТТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ РЕТИ

Қазақстан Республикасының Президенті 2023 жылғы 27 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Түзетуге сай, балалардың мұдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланды, сондай-ақ қемелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандырылған ауданаралық соттардың (бұдан әрі – ювеналды сот) құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары берілді.

АПК-нің 27-бабының үшінші белгінің жаңа редакциясына сәйкес, ювеналды соттардың соттылығына төмөндегі даулар бойынша азаматтық істер қосымша берілді:

- қемелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындаға некені бұзы туралы;

- мұлікті бөлу туралы (қемелетке толмаған балалар болған жағдайда);

- жақын туыстарының олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы;

- заң негізінде емес басқа адамдарда тұрып жатқан баланы алып қою туралы;

- ата-ана құқықтарының шектеулерін жою туралы;

- бала (қызы) асырап алуды жаррамсыз деп тану туралы;

- алимент мөлшерін өзгерту туралы, алимент төлеуден босату туралы, қемелетке толмаған балаларды асырап-бағыға өндіріп алынатын алимент бойынша берешкіт төлеуден босату туралы;

- қемелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау туралы;

- Қазақстан Республикасына заңсыз ауыстырылған немесе Қазақстан Республикасында ұсталатын баланы қайтару туралы немесе осындағы балага қатысты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың және тапташтың бір қемелетке толмаған болып табылатын басқа да істердің негізінде қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы («Қазақстан

Республикасының халықаралық шартты негізінде баланы қайтару туралы немесе балага қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы етіншітерді қараша жөніндегі іс жүргізу» АПК-нің 51-тарауы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қауылсының 4-тармағына байланысты, егер жақын туыстары ата-аналарымен не олардың біреуімен келісімге келе алмаса, онда қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы дауды қорғанышыңкі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда медиация тәртібімен немесе осы органның, баланың ата-аналары мен туыстарының қатысуымен сot шешеді.

Осылайша, талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңнамада белгіленген дауды сотқа дейінгі алдын ала шешу тәртібін сактауы тиіс.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 74-бабының 1-тармағына, Нормативтік қауылсының 2-тармағына сәйкес, ата-аналар баланы заң немесе сот шешімі негізінде емес ұстайтын кез келген адамнан қайтаруды талап етуге құқылы.

Осыған байланысты ювеналды соттардың соттылығына заң негізінде фана емес, сот шешімі негізінде де емес, басқа адамдардан баланы алып қою туралы даудар кіретінін есте ұстаған жөн.

**Динара МУТУБАЕВА,
Қарағанды облысының
қемелетке толмағандар
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
терағасы**

МУРАГЕРЛІК

4. 01.03.2023 ж. қайтыс болған аз. Қалмұраев Нұрлан Жаңенұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделде тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

17. 21.08.2022 ж. қайтыс болған Нуртазаева Жаниль Ералиевнаң қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С. Жанакулованың көңсесін мұраға құқық тұралы құләл алға келуінізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел.: 87052700001.

18. 15 қараша 2021 жылды қайтыс болған Ахметов Досбол Әмбетілігінде артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұраға тұралы білгісі келгендер нотариус F.A. Шардарбековке келулері керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

ӘРТҮРЛІ

3. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынғаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй мекенжайында орналасқан «Жамбыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобилі жолдары және тұрғын үй инспекциясы белгім» мемлекеттік мекемесінің, БСН 050240008665, құрамынан белу жолымен «Жамбыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы, белгім» мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл ауданының жолаушылар көлігі және автомобилі жолдары белгім» мемлекеттік мекемесінің белгілі шығару жолымен қайта қызыметтік тұралының тұралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай аралығында тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынғаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй. Тел.: 8(7270)20314, 8(7270)23278.

10. Астана қаласының мамандандырылған ауданарапық экономикалық сотының 11.08.2023 жылды қауысымен «КазСтройСервис НС» ЖШС-не (БСН 140740006854) қатысты оңалту рәсімі тұралы іс қозғалды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, А184 көшесі, 6, тел. +7761503169.

11. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданарапық экономикалық сотының 2023 жылды 14 тамыздыға үйгірімімен «ТазалықЭксперт» ЖШС-не (БСН 180340015589) қатысты оңалту рәсімі тұралы іс қозғалды. Занды мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Сәкен Сейфуллин даңғылы, құрлыс 107.

14. «КТР НефтеХимСервис» ЖШС, БСН 081140017738, жарғы капиталдының азайтудыған тұралы хабарлайды. Талап-шагымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау обл., Атырау қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймақ, 5 үй. Тел.: 87122308889.

22. Абай облысы ветеринария басқармасының «Ақсат-Вет» ЖШК КМК (БСН 221240033328) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Абай ауданы, Қарасағай ауданы, Бесқарағай ауданы, Әндижан қаласы, 35 мекенжай бойынша қабылданады. Тел.: 872236 90742.

23. Абай облысы ветеринария басқармасының «Көкпекті-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140003971) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Қазақстан, Абай облысы, Ақсат ауданы, Ақсат ауданы, Қарасағай ауданы, Қарасағай ауданы, Амангелді көшесі, 1, пошта индексі 071500 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(723)4621149.

24. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынғаш ауылы, Абай көшесі, 56 үй мекен-жайында орналасқан «Жамбыл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт белгім» мемлекеттік мекемесінің (БСН 101240003659) құрамынан белгілі шығу жолымен «Жамбыл ауданының ішкі саясат белгім» мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешнишілдік және спорт белгім» мемлекеттік мекемесі қайта қызыметтік тұралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай аралығында тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекен-жай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынғаш ауылы, Абай көшесі, 56 үй. Байланыс телефондары: 8(7270)21355.

25. Манғыстау облысының МАӘС-тің 07.08.2023 ж. үйғарымымен «Манғыстау Жылы» МКК-на қатысты оңалту рәсімі тұралы іс қозғалды. Кредиторлар талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Ақтау қаласы, 25-65, 2-қабат мекенжайы, abilorda@mail.ru ел. почтасы, тел.: 87029713161 бойынша қабылданады.

26. Манғыстау облысының МАӘС-тің 15.08.2023 ж. үйғарымымен «Әділ сұт зауыты» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімі тұралы іс қозғалды. Кредиторлар талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Ақтау қаласы, 25-65, 2-қабат мекенжайы, abilorda@mail.ru ел. почтасы, тел.: 87029713161 бойынша қабылданады.

27. Абай облысы ветеринария басқармасының «Ұржар-Вет» ЖШК КМК (БСН 050240014154) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және

атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Ұржар ауданы, Ұржар ауылы, Семушкин көшесі, 2а, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(72230)31283.

28. Абай облысы ветеринария басқармасының «Аяғөз-Вет» ЖШК КМК (БСН 110240011609) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Ұяғез қаласы, Сейфуллин көшесі, 97/2, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87223737798.

29. Абай облысы ветеринария басқармасының «Жарма-Вет» ЖШК КМК (БСН 110240005575) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Аяғез қаласы, Сейфуллин көшесі, 97/2, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 872235291880.

30. Абай облысы ветеринария басқармасының «Бесқарағай-Вет» ЖШК КМК (БСН 110640022788) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылды 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы саласындағы кейір занды тұлғалардың қайта үйімдастырылуы және атауын өзгерту тұралы» қауысина сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ЖШК КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызыметті тоқтатыны тұралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Қарасағай ауданы, Қарасағай ауданы, Бесқарағай ауданы, 8-72236 90742.

ТАРАТУ

2. «Сентрас Коммесс Life» ӨСК» АҚ Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қоқшетау, Павлодар, Талдыкорған, Өскемен, Орал, Туркістан, Тараз, Ақтау, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Шымкент, Петропавл және Семей қалаларында «Сентрас Коммесс Life» ӨСК» АҚ филиалдарының қызыметті тоқтату және есептік тіркеуден шығару тұралы хабарлайды.

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім белгімнің Құсақан баставыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030440004021 (ҚР, Қостанай облысы, Большевик ауылдық округі, Құсақан ауылы, Центральная көшесі, құрылыш 14A, пошта индексі 110714) өзінің таратылған тұралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Қарасағай ауданы, 4 шағынаудан, 27 құрлыс, мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: 87143523037.

8. «Аза Макс Строй» (БСН 161140024768) өзінің таратылтыны тұралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Керделі ауылдық округі, Нарын ауылдық округі, Шиелі ауылы, РУ-6 көшесі, 6 үй, 1 пәтер.

9. «БОЛАШАҚ-ШИЕЛ НЕСИЕЛІК СЕРІКТЕСТІГІ» жауапкершілігі шектеулі серікtestігі (БСН 130240017562) өзінің таратылтындыры тұралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ақтау қаласы, 1, пошта индексі 071000 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87143520307.

12. «Халық и К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативи (БСН 170640016714) өзінің таратылтындыры тұралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Керделі ауылдық округі, Нарын ауылдық округі, Ишкөл ауылдық округі, ы.Жақаев ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 88 үй.

13. «Мәдениет» ата-аналар қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры, БСН 090640007679, занды мекенжайы: Ақмола облысы, Қоқшетау қаласы, «Юбилейный» шағынаудан, 40 үй, 45 пәтер, өзінің жабылатыны тұралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, Рембаза ауылы, Гайдар көшесі, 140, 206-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 87056030586.

15. «Medina&Co» ЖШС, БСН 180240018252, өзінің таратылтындыры тұралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 25-65, 2-қабат мекенжайы, abilorda@mail.ru ел. почтасы, тел.: 87022457673.

16. «HAN TALAPAI» қоғамдық қоры, БСН 200340008037 (Қазақстан, Атырау обл., Атырау қ., Қайыршакты ауылдық округі, Томарлы ауылы, «Жұлдыз» тұрғын үй алабы, 3

